



# РУХАНИ ЖАҢГЫРУ – ЕЛДІ ДАМУҒА БАСТАЙТЫН САРА ЖОЛ

**Е**лбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңгыру» бағдарламалық мақаласы – ел дамуының жарықын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңгырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айрылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстаның иғілігіне жарату жолындағы мақсат-мұddeлер туралы өзекті мәселе көтерілген.

Онда Тұңғыш Президент Қазақстан үшін қайта тулеудін айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңгыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам жасалынын және бұқаралық сананы қалай өзгерту жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Ұлт Көшбасшысы атальмыш жаңгырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңгырудың маңыздылығына тоқталып «Жаңгыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңгырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңгыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңгыру ұлттық санаңың түрлі полюстерін қиыннан қыстырып, жарастыра алатын құдреттімен маңызды» дейді.

Н.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңгыртудың бірнеше бағытына жеңе-жеке тоқталады. «Сананы жаңгыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Елбасы жаңгырудың алты бағытын белгілейді.

Атальмыш бағыттардың бәрі барынша өзекті және қазіргі уақыт талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге аудай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақылпарасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің техникалық мамандықтар үшін жоғары математика және физика кафедрасының профессор-окытушылар құрамы мен студенттер Елбасының осы ойларын басшылыққа алып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллек-

туалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдеміз. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиеімен, тұлға регінде рухани толысумен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңгырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдаپ, тереңнен толғайтын адам ғана бәсекеге қабілетті бола алады. Ендеше, рухани жаңару арқылы табысты ел болуға үмтүлу баршамыздың қастерлі борышымыз болуға тиіс.

**Науат ӨТЕНОВ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**Оңтүстік Қазақстан**  
**университетінің**  
**техникалық**  
**мамандықтар үшін**  
**жоғары математика**  
**және физика**  
**кафедрасының**  
**менгериушісі.**